

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Кеңестік Қазақстан тарихы

### КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ



ЖЕРГІЛІКТІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫН БАСЫП-ЖАНШУ МЕН РЕСПУБЛИКА ӨМІРІНЕ ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ КҮШЕЮСІНЕН **1929-1932** ЖЖ. ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫ БАС КӨТЕРДІ.

**1926-1927** жылдары БОЛЬШЕВИКТЕР ЖҮРГІЗГЕН «КІШІ ҚАЗАН» САЯСАТЫ ШАРУАЛАРДЫҢ БАС КӨТЕРУІНЕ ӘКЕП СОҚТЫ:

**1929** ж. ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН – БАТПАҚҚАРА (ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ), СЫРДАРІЯ ОКРУГЫНЫҢ БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ (ОҚО), ТАҚТАКӨПІР (ҚАРАҚАЛПАҚСТАН);

**1930** ж. АҚПАН-НАУРЫЗ – ЫРҒЫЗ (АҚТӨБЕ ОКРУГЫ), ҚАРАҚҰМ (АРАЛДАН ШЫҒЫСҚА), ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГЫ, БҰҚТЫРМА, САМАРА, ЗАЙСАН, ЖАРМА, ШЫҒЫСТАУ ЖӘНЕ ШҰБАРТАУ АУДАНДАРЫ (ШҚО);

**1931** ж. АҚПАН-НАУРЫЗ – АБЫРАЛЫ, ШҰБАРТАУ, ШЫҒЫСТАУ, ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНДАРЫ (ШҚО);

**1930-1932** жж. – БҰРЫНҒЫ АДАЙ ОКРУГЫ.



1929-1932 жж. қазақ шаруаларының көтерілістері болды. Қазақстанда ұжымдастыру қарсаңында 140 факторийлер қызмет етті (көшпелілердің кооперативтік бірлестіктері). Коммунистік партияның XV съезі ұжымдастыру барысында «дамыған кооперативтік бағытты» құруды ұсынды. Қазақстандағы ұжымдастыруды «ауылды кеңестендіру» ұранын ұстанып, таптық күрес бағытын шиеленістірген Ф.И. Голощекин басқарды.

1929 ж. екінші жартысында республикада колхоздық қозғалыс жеделдете дамыды, ұжымдастыруды жүргізуге партия жұмысшыларды тарта бастады. Ұжымдастыруға тартылған жұмысшылар ұжымдастырудың мәнін жете түсінбеді. Партияның шабармандары далалық жерлерде ресейлік деревня жобасын орнатпақты көздеді. Ұжымдастыру барысында командалық-әкімшілік әдіспен әрекет ететін белсенділер қалыптасты. Ұжымдастыруға жалтақпен қараған және сенімсіздік танытқандардың барлығы кулактар қатарына жатқызылды. Қатаң жаппай террор ұжымдастыру идеясының беделін түсірді. Ұжымдастыру жергілікті жағдайларды еске алмай жүргізілді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыру қазақтардың ғасырлық өмір сүру тәртібін бұзды. Қатты аштық басталды. Бірқатар облыс шаруалары Иран мен Ауғанстанға үдере көшіп кетті.

1930-1932 жж. аштық тарихқа қазақ халқына үлкен қайғы мен қасірет әкелген «ҰЛЫ ЖҰТ» жылдары болып енді.

1929-1931 жж. Қазақстанда қарулы қозғалыстар толқыны болып өтті. Барлығы 372 көтеріліс болған. Ұжымдастыруға қарсылық көрсеткен бүлікшіл аудан – Қарақұм болды. Созақ ауданындағы күштеп ұжымдастыруға қарсы болған көтеріліс табандылықпен, шебер ұйымшылдықпен ерекшеленді. Батпаққара көтерілісі бандиттік басмаштық қозғалыс ретінде бағаланды. 1931 ж. Қарқаралы уезінде күштеп ұжымдастыруға қарсы болған шаруалар жаппай құртылды. «Көтеріліс бандиттері» қылмыстық ісін сотсыз орган «үштік» қарастырды. Халыққа жасалған геноцид үшін партиялық-мемлекеттік басшылардың ешбірі жауапкершілікке тартылмады.